

# Жас таланттар-жеңіс төрінде



Мәдени-сауық орталығының балалар мен жасөспірімдер бөлімінің меңгерушісі Айман Айтжанованың жетекшілігімен жас өнерпаздар желтоқсан айының 9-шы жұлдызында Астана қаласында «ALASH ART CENTER» өнер орталығының ұйымдастыруымен Халықаралық «ALASH STAR» көпжанрлы өнер байқауына қатысып, жеңіспен

оралды.

Дует болып ән шырқаған Ернар Блялов пен Айым Жарылғасын Түркия еліне 15% жеңілдік жолдамасы және бас жүлде дипломымен марапатталды.

Эстрадалық вокал номинациясы бойынша Назерке Өмірзакова және Шұғыла Аманкелді Түркия еліне 10% жеңілдік жолдамасы мен I орын иеленсе, Әбдірахман Томабайға II орын бұйырды. Барлық қатысушылар дипломмен марапатталды.

Ең үздік өнерпаздарды дайындап, жастардың бойына ізгілік пен мәдениеттілік және өнерді қатар дарытып жүргені үшін Айман Айтжановаға Құрмет грамотасы мен кубок табысталды. Жас өнерпаздарға өмірлерің өрісті, келешектерің келісті болсын деп тілейміз!

**Гүлнұр Стамбекова,**  
**балалар мен жасөспірімдер бөлімінің әдіскері**